

**Техникалық сипаттама  
(ЛОТ № 63)**

| № | Атауы                                                                                                                                                                                                     | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Саны                |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|
| 1 | Азық-түлікке жарамды өсімдіктердің, медициналық өсімдіктердің, жемдік және жайылымдық өсімдіктердің, өңірдің карантиндік және арамшөп-рудералдық өсімдіктердің I және II каталогы еңбегін баспадан шығару | <p>Көлемі – 132 бет<br/>Ішкі блок қағазы: 115 г/м<sup>2</sup>, 4+4 басылым (жылтыр) (толық түсті баспа)<br/>Тігілу түрі: жіппен тігу (ниткошвейка)<br/>Көлемі: 11,0 баспа табақ<br/>Мұқаба: 150 г/м<sup>2</sup> (4+0), матті ламинат жапсырмасы, қатты мұқаба, Цифрлық баспа</p> <p>Көлемі – 580 бет<br/>Ішкі блок қағазы: 115 г/м<sup>2</sup>, 4+4 басылым (жылтыр), толық түсті баспа<br/>Тігілу түрі: жіппен тігу (ниткошвейка)<br/>Көлемі: 72,5 баспа табақ<br/>Мұқаба: 150 г/м<sup>2</sup> (4+0), матті ламинат жапсырмасы, қатты мұқаба<br/>Цифрлық баспа</p> | <p>50</p> <p>50</p> |
|   | <b>Барлығы</b>                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | 100                 |

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

Ғылым департаментінің жетекші маманы



А.Ошибаева

Т.Джатаев

**ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

**Құны және қызмет көрсету шарттары**

Қызмет көрсету құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызмет көрсетуге байланысты барлық ықтимал шығындарды, соның ішінде іссапарлық, көлік, логистикалық және өзге де шығыстарды қамти отырып көрсетіледі.

Егер көрсетілетін қызметтің ерекшелігі қосымша жұмыстар мен іс-шараларды жүргізуді талап етсе, қызмет көрсету құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер енгізілуі тиіс. Оларға, соның ішінде, орнату, баптау, тапсырыс берушінің персоналын оқыту, әдістемелік материалдар ұсыну және нәтижені тиімді пайдалану үшін қажет болған жағдайда кейінгі консультациялық қолдау кіреді.

**Қызмет сапасына және сәйкестігіне қойылатын талаптар**

Орындаушы қызметтерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкестікте, сондай-ақ санитариялық, экологиялық, техникалық және өзге де міндетті нормативтік талаптарды сақтай отырып көрсетуге міндетті.

Қызметтер техникалық тапсырмада белгіленген талаптарға, көлемге, мерзімдерге және сапа көрсеткіштеріне сәйкес көрсетілуі тиіс. Қызмет көрсету нәтижелері белгіленген талаптарға

сәйкес келіп, тапсырыс беруші тарапынан практикалық тұрғыда пайдалануға дайын болуы қажет.

---

**Кепілдік міндеттемелері және сүйемелдеу**

Орындаушы қызмет көрсету барысында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді кепілдік кезеңі ішінде өз есебінен жоюға міндетті. Қажет болған жағдайда орындаушы қызмет көрсету нәтижелерін тапсырыс беруші қабылдаған сәттен бастап кемінде 12 (он екі) ай ішінде консультациялық қолдау мен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

---

**Төлем шарттары және аванстық төлем**

Аванстық төлем мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100%-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Тапсырыс беруші орындаушыдан аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған орындаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

---

**Қызмет көрсету мерзімі**

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін

